

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМА

«Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға ПМПК-нің әлеуметтік-білімдік моделі жағдайында психологиялық тексеру жүргізу және кеңестік көмек көрсету» психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер психологтарына арналған біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

АЛМАТЫ 2020

1. Жалпы ережелер

1. «Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға ПМПК-нің әлеуметтік-білімдік моделі жағдайында психологиялық тексеру жүргізу және кеңестік көмек көрсету» бойынша психологиялық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер психологтарының оқуын регламенттейді.

2. Бағдарлама ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалау, психикалық дамуының бұзылыстарына психологиялық диагностикасын жасау және кеңес беру мәселелері бойынша психологтардың кәсіби құзіреттілігін дамытуға бағытталған.

3. Курстық оқудың ұзақтығы 72 сағатты, 9 күнді құрайды, оның әрқайсысына күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақ кіреді. Реһснс0 сабақтардың мазмұны мен құрылымы осы Бағдарламаның 1 және 2 қосымшаларына сәйкес оқу жоспарында келтіріледі.

2. Глоссарий

4. Курстың глоссарийі келесі негізгі ұғымдардан тұрады:

1) білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар - тиісті деңгейдегі білім алу кезінде тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған балалар;

2) білім алуда ерекше қажеттіліктері - бұл ерекше қабілеттерінің, немесе туа біткен және кейіннен пайда болған бұзылымдар салдарынан болатын, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторлары нәтижесінде туындайтын, білім беру процесі барысындағы көмек пен қызметке деген қажеттілік;

3) білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау - әзірленген және бекітілген критерийлерге сәйкес білім алушының, тәрбиеленушінің білім алуда ерекше қажеттіліктерінің деңгейін анықтау;

4) психологиялық тексеру хаттамасы - психикалық даму ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау үшін тиісті қағидаларды, әдістер мен әдістемелерді қолдана отырып, балалар мен жасөспірімдерді тексерудің регламенттелген процесі;

5) психологиялық диагностика - психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық біліктілік шеңберінде балалардың психикалық даму ерекшеліктері мен ауытқуларын психологиялық-педагогикалық тұрғыда бағалау, психикалық даму бұзылымдары мен ауытқуларының түрлерін анықтау;

6) психологиялық кеңес беру - маманның баланың психикалық дамуының проблемалары туралы ақпарат беруі және оларды жеңуге қажетті нақты іс-әрекеттер туралы ұсынымдар беруі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

5. Бағдарлама келесі тақырыптарды қамтиды:

1) 1-тақырып. Инклюзивті білім беру және ҚР әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер қызметі;

2) 2-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың категориялары. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамалары;

3) 3-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттіліктерінің түрлері. ПМПК жағдайында ерекше білім қажеттіліктерін бағалау критерийлері;

4) 4- тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-де кешенді тексеру жүргізу мен кеңес берудің жалпы қағидалары мен тәртібі;

5) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру;

6) 6-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру;

7) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру;

8) 8-тақырып. Бала аутизмі бар балаларды психологиялық тексеру. Психологиялық кеңес беру және аутист балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша отбасылары мен мамандарға ұсынымдар дайындау;

9) 9-тақырып. Эмоционалдық және мінез-құлқық проблемалары бар балаларды психологиялық тексеру. Отбасына психологиялық кеңес беру және ұсынымдар дайындау;

10) 10-тақырып. Мектепте оқыту қиындықтарын диагностикалау мен түзетудің нейропсихологиялық әдістері.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Бағдарламасының мақсаты: ПМПК қызметінің әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшу жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық тексеру мен кеңес беруді ұйымдастыруға және өткізуге психологтарды дайындау.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) ҚР білім беруді дамытудың негізгі бағыттарымен, инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базасымен таныстыру.

2) инклюзивті білім беру жүйесі мен әлеуметтік-педагогикалық моделі жағдайларында білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмек көрсету және проблемаларды бағалау бойынша ПМПК қызметінің орнын, ролі мен негізгі

бағыттарын айқындау;

3) ерекше қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі категорияларына психологиялық-педагогикалық сипаттама беру;

4) білім алуда ерекше қажеттіліктерінің түрлері мен оларды балаларда бағалау критерийлерін зерделеу.

5) ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға психологиялық тексеру және кеңес беру саласында психологтардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру;

5) балалардың аутизм спектрінің бұзылымдарын, эмоционалдық және мінез-құлық проблемаларын диагностикалау мен кеңес берудің практикалық дағдыларын қалыптастыру.

8. Курс соңында тыңдаушылар:

1) инклюзивтік білім берудің негізгі идеялары мен айқындамаларын, білім беру жүйесіндегі ПМПК-ның орны мен рөлін, сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайындағы ПМПК қызметінің айқындамаларын түсіндіреді;

2) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың санаттарын біледі;

3) Ерекше білім беру қажеттіліктерінің түрлері туралы түсініктері және белгіленген өлшемдерге сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау дағдылары бар;

4) педагогикалық тексеру бағдарламасына сәйкес ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың білімін, іскерлігін, дағдыларын зерттеу, сондай-ақ балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі проблемалары бойынша ата-аналарға консультация беру дағдыларын меңгереді;

5) аутистік спектрдің аурулары, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды тәрбиелеу және оқыту проблемаларын бағалау және консультация беру бойынша практикалық дағдылары бар;

6) даму проблемалары бар балалардың түрлі санаттарына педагогикалық тексеру жүргізуде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық- педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 1-тақырып. Инклюзивті білім беру және ҚР әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер қызметі. Инклюзивтік білім беру саласындағы халықаралық құқықтық құжаттар: Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция (ЮНЕСКО, 1960); Бала құқықтары туралы конвенция (БҰҰ, 1989), Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (БҰҰ, 2006), «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы саясат пен практикалық

қызметтің қағидаттары туралы» Саламан декларациясы (1995 ж); Отандық нормативтік құқықтық негіз: ҚР Конституциясы, ҚР заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу қолдауын көрсету туралы», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Білім беру ұйымдары қызметінің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) үлгілік ережелері;

2) 4-тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-де кешенді тексеру жүргізу мен кеңес берудің жалпы қағидалары мен тәртібі. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер қызметінің Үлгілік ережелері». «Психологиялық-педагогикалық тексеру және кеңес беру» мемлекеттік қызметінің стандарты;

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың санаттары: есту қабілеті (естімейтін, нашар еститін), көру (зағип, нашар көретін), зияттық, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, күрделі бұзылған, эмоциялық-ерік бұзылған, оқытудың ерекше қиындығы бар балалар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері эмоционалды-мінез-құлық проблемалары мен қоршаған орта факторлары: психологиялық, әлеуметтік, тілдік және өзге де; Ерекше білім беру қажеттігі бар балалардың үш тобының психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. ЕБҚ бар балалардың түрлі топтарының шегіндегі психологиялық-педагогикалық өлшемдер;

2) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру. Ерте жастағы балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Бала дамуын психологиялық талдау. Ерте жастағы баланың отбасына психологиялық кеңес берудің психологиялық аспектілері;

3) 6-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру. Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Баланың даму проблемаларын психологиялық бағалау. Мектепке психологиялық дайындықтың ұғымы мен критерийлері. Мектеп жасына дейінгі баланың отбасына психологиялық кеңес берудің психологиялық аспектілері;

4) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру. Мектеп жасындағы балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Баланың даму проблемаларын психологиялық бағалау. Мектепте оқыту қиындықтарының психологиялық-педагогикалық жіктемесі. Мектеп жасындағы балалардың отбасына кеңес берудің психологиялық аспектілері;

5) 8-тақырып. Бала аутизмі бар балаларды психологиялық тексеру. Психологиялық кеңес беру және аутист балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша отбасылары мен мамандарға ұсынымдар дайындау. Аутисттік спектрінің бұзылымдары бар балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Балаларда аутизм қалыптасуының психологиялық механизмдері. О.С.Никольскаяның бала аутизмінің психологиялық жіктемесі. Аутист бала дамуын психологиялық бағалау. Аутизмі бар баланың отбасына кеңес берудің психологиялық аспектілері;

б) 9-тақырып. Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балаларды психологиялық тексеру. Отбасына психологиялық кеңес беру және ұсынымдар дайындау. Балалар мен жасөспірімдерде эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары пайда болудың психологиялық себептері мен механизмдері. Баланың эмоционалдық дамуы мен мінез-құлқын психологиялық талдау және бағалау. Бала отбасына кеңес берудің психологиялық аспектілері.

12. Мазмұндық модуль:

1) 3-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттіліктерінің түрлері. ПМПК жағдайында ерекше білім қажеттіліктерін бағалау критерийлері. Білім алуда ерекше қажеттіліктерінің түрлерін сипаттау. Белгіленген критерийлерге сәйкес білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмі. Білім алуда ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша психологтың ұсынымдарын дайындау;

2) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру. Ерте жастағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, жағдайлары және талаптары. Хаттамаға сәйкес психологиялық тексерудің кезеңдері: әлеуметтік-психологиялық анамнез жинау, бала дамуының әлеуметтік жағдайын, ата-ана - бала қарым-қатынасы сипатын анықтау, ата-аналармен әңгімелесу, эксперименттік-психологиялық тексеру, тексеру нәтижелерін талдау, даму проблемаларына психологиялық баға беру, отбасына кеңес және ұсынымдар беру;

3) 6-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру. Мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, жағдайлары және талаптары. Хаттамаға сәйкес психологиялық тексерудің кезеңдері: әлеуметтік-психологиялық анамнез жинау, бала дамуының әлеуметтік жағдайын, ата-анасымен, құрдастарымен қарым-қатынасы сипатын анықтау, ата-аналармен әңгімелесу, эксперименттік-психологиялық тексеру, тексеру нәтижелерін талдау, даму проблемаларына психологиялық баға беру, отбасына кеңес және ұсынымдар беру;

4) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру. Мектеп жасындағы

балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, жағдайлары және талаптары. Хаттамаға сәйкес психологиялық тексерудің кезеңдері: әлеуметтік-психологиялық анамнез жинау, бала дамуының әлеуметтік жағдайын, мектепке бейімделуін, ата-анасымен, құрдастарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынасы сипатын анықтау, ата-аналармен әңгімелесу, эксперименттік-психологиялық тексеру, тексеру нәтижелерін талдау, даму проблемаларына психологиялық баға беру, отбасына кеңес және ұсынымдар беру;

5) 8-тақырып. Бала аутизмі бар балаларды психологиялық тексеру. Аутист балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша отбасылары мен мамандарға психологиялық кеңес беру және ұсынымдар дайындау. Аутизмі бар балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, жағдайлары және талаптары. Хаттамаға сәйкес психологиялық тексерудің кезеңдері: әлеуметтік-психологиялық анамнез жинау, бала дамуының әлеуметтік жағдайын анықтау, ата-аналармен әңгімелесу, сауалнама жүргізу, эксперименттік-психологиялық тексеру, тексеру нәтижелерін талдау, даму проблемаларына психологиялық баға беру, отбасына кеңес және ұсынымдар беру;

б) 9-тақырып. Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балаларды психологиялық тексеру. Отбасына психологиялық кеңес беру және ұсынымдар дайындау. Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, жағдайлары және талаптары. Хаттамаға сәйкес психологиялық тексерудің кезеңдері: әлеуметтік-психологиялық анамнез жинау, бала дамуының әлеуметтік жағдайын анықтау, ата-ана - бала қарым-қатынасы мен отбасылық ішкі қатынастар сипатын анықтау, ата-аналармен әңгімелесу, эксперименттік-психологиялық тексеру, тексеру нәтижелерін талдау, даму проблемаларына психологиялық баға беру, отбасына кеңес және ұсынымдар беру;

13. Технологиялық модуль:

1) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Бала отбасына психологиялық кеңес беру. Тексерудің әдістері мен технологиялары: эмоционалдық-коммуникативтік саласы, сенсомоторлық саласы, заттық әрекеті пен ойыны, танымдық іс-әрекеті мен ойлау қабілеті, әлеуметтік дамуы мен мінез-құлық ерекшеліктері;

2) 6-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Бала отбасына психологиялық кеңес беру. Зерттеу әдістері мен технологиялары: эмоционалдық-коммуникативтік саласы, сенсомоторлық саласы, ойын және басқа да қызмет түрлері, танымдық іс-әрекеті мен ойлау қабілеті, әлеуметтік дамуы мен мінез-құлық ерекшеліктері;

3) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Тексеру нәтижелерін талдау және бағалау. Бала отбасына психологиялық кеңес беру. Зерттеу әдістері мен

технологиялары: эмоционалдық- коммуникативтік саласы, оқу әректі мен оқыту қиындықтары, танымдық іс-әрекеті мен ойлау қабілеті, жеке тұлғалық дамуы мен мінез-құлық ерекшеліктері;

4) 8-тақырып. Бала аутизмі бар балаларды психологиялық тексеру. Аутист балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша отбасылары мен мамандарға психологиялық кеңес беру және ұсынымдар дайындау. Зерттеу әдістері мен технологиялары: коммуникациясы мен өзара-қатынасы: қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері мен құралдарын түсіну және қолдану; сенсорлық саласының ерекшеліктері; эмоционалдық-тұлғалық даму ерекшеліктері мен деңгейі; заттық әрекет пен ойыны, танымдық іс-әрекеті мен ойлау қабілеті, әлеуметтік дамуы мен мінез-құлық ерекшеліктері;

5) 9-тақырып. Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балаларды психологиялық тексеру. Отбасына психологиялық кеңес беру және ұсынымдар дайындау. Зерттеу әдістері мен технологиялары: зерттеуге арналған әдістер, әдістемелер, тесттер: коммуникативтік сала және тұлға аралық қатынастары, танымдық іс-әрекеті және ойлау қабілеті, эмоционалдық-тұлғалық дамуы мен мінез-құлық ерекшеліктері, бала - ата-ана қарым-қатынасын және ата-ана тәрбиесінің сипаты.

14. Вариативтік модуль:

1) 10-тақырып. Мектепте оқыту қиындықтарын бағалаудың және мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі үшін ұсынымдар құрастырудың нейропсихологиялық тәсілі. Оқытудың әр-түрлі қиындықтарын зерттеу мен бағалаудың нейропсихологиялық әдістері. Мектепте оқыту қиындықтарын жеңуде нейропсихологиялық түзету әдістерін қолдану (онтогенезді ауыстыру әдісі А.В.Семенович).

15. Тыңдаушылар вариативтік модульдердің тақырыптарын кіріспе сауалнама барысында анықтай алады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

16. Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқыту режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша күндізгі оқу түрі. Күндізгі курстардың ұзақтығы - 72 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастырған кезде ОТЖ-да сағат саны екі есе азаяды, сабақтардың тақырыптары мен формасы өзгеріссіз қалады;

2) Аралас оқыту- Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес курстың тақырыптық оқу жоспары бойынша аралас оқу түрі, және де оқыту үш кезеңнен тұрады: күндізгі бөлім - 16 сағат, қашықтықтан оқыту - 8 сағат, өз бетінше оқу- 48 сағат. Күндізгі оқытукурстың бірінші және соңғы күнінде жүргізіледі.

17. Оқу процесіне оқытуды нинтерактивті формалары мен әдістері кіреді: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, топтық тренинг, мастер- класс, кейстер әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу, және де вебинар,

онлайн-форум, онлайн кеңес беру және аралас оқыту режимінде курс тыңдаушыларының өз бетінше оқуы.

18. Педагогтардың Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін жоғарылату үшін мыналар қарастырылады: кейіннен талқылау және рефлексия арқылы топтық жұмысты кеңінен қолдану; құжаттармен жұмыс; топтық жұмысты кейіннен көрсете отырып, кіші топтарда теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау, психологтардың командалық жұмысының тренингі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

19. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасына кіреді:

- 1) ПМПК психологтарының біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) білім алуда ерекше қажеттіліктерінің критерийлері және хаттамаға сәйкес психологиялық тексеру кезеңдерін талдау бойынша тарату материалдары;
- 3) балалар мен жасөспірімдерді психологиялық тексеру бойынша оқу-әдістемелік материалдар, бейне материалдар.
- 5) сауалнамалар, бақылау және өзіндік жұмыс материалдары.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

20. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында жүргізіледі: өзіндік жұмыс, жедел-сауалнамалар, қорытынды тестілеу, және де аралас оқыту режимінде курс үшін аралық тестілеу. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнамалар, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

21. Оқыту нәтижелерін бағалау келесі бағалау өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1-өлшем. Инклюзивтік білім беру жүйесіндегі ПМПК логопедтің рөлін түсіну. Бағалау түрі: бақылау жұмысы. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес логопедтің қызметін білу; 2) ПМПК-да кешенді тексеру мен консультация берудің жалпы қағидаттары негізінде логопедтің диагностикалық-консультациялық жұмысын білу.

2-өлшем. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттарының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын білу. Бағалау түрі: тестілеу. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) ЕБҚ бар балаларды бірінші, екінші және үшінші топтарға бөлудің психологиялық-педагогикалық өлшемдерін қолдана білу; 2) әр топта сөйлеу бұзылымдарының өлшемдерін белгілей білу.

3-өлшем. ПМПК-да әртүрлі жастағы әртүрлі проблемалары бар балаларды педагогикалық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу дағдылары. Бағалау түрі: өзіндік жұмыс - балаларды тексеру бағдарламасын құрастыру.

Бағалаудың құрама бөліктері: педагогикалық тексеруді ұйымдастыра білу және әртүрлі әдістерді, оның ішінде жасына (ерте, мектепке дейінгі, мектептегі) және баланы оқыту мен тәрбиелеу проблемаларының сипатына қарай АКТ-ны пайдалана білу.

4-өлшем. Түрлі психикалық даму бұзылымдары бар балаларды педагогикалық тексере және кеңес бере білу. Бағалау түрі: өзіндік жұмыс - балалардың аутизм және зияттық бұзылымдары бар тобына аутизмнің және зияттық жеткіліксіздігіне байланысты педагогикалық тексеру және кеңес беру алгоритмін құру. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) логопедтік тексерудің әртүрлі стратегиялары мен тәсілдерін қолдана білу; 2) аутизмі бар баланы оқыту және тәрбиелеу бойынша отбасына кеңес бере білу.

5-өлшем. Клиникалық-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық жіктеме шеңберінде сөйлеу бұзылымдарының диагностикалық өлшемдері қолдану білігі. Бағалау түрі: тест тапсырмасы. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) балалардың түрлі сөйлеу бұзылымдарының негізгі өлшемдерін анықтай білу; 2) балалардың түрлі сөйлеу бұзылымдарына сарамалы диагностика жүргізуге қабілеттілігі.

Қорытынды бақылау жұмысы қорытынды жұмысты орындауға және ресімдеуге қойылатын көрсетілген талаптармен кейс-стади нысанында жүргізіледі. Курсанттарға ерте жастағы сөйлеуді дамытудың түрлі проблемалары бар балалардың сөйлеу мәртебесін сипаттау ұсынылады. Курсанттың міндеті - логопедтік зерттеу бағдарламасын құру, сөйлеу бұзылымының сипаты мен түрін анықтау.

Бағалау нәтижелері (алынған кері байланыс) негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, оларды өткізу үшін қосымша материал іріктеледі, курстан кейінгі сүйемелдеуге түзетулер енгізіледі.

9. Курстан кейінгі қолдау

22. Курстан кейінгі сүйемелдеу қашықтан консультациялар, онлайн-форумдар, тәжірибе алмасу түрінде жүзеге асырылады.

23. Педагог курс аяқталғаннан кейінгі бірінші күнтізбелік жыл ішінде курс тақырыбы бойынша үш дербес жұмысты, үш жыл ішінде жылына бір рет - білім беру ұйымының басшысы куәландырған кәсіптік даму нәтижелері туралы белгіленген нысандағы есепті ұсынады.

24. Педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу мониторингі жылына бір рет үш жыл ішінде педагогтер ұсынған дербес жұмыстарды, кәсіптік даму нәтижелері туралы есептерді талдау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

25. Мониторинг нәтижелері бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасын түзету жүзеге асырылады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

22. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 2007 жылғы 27 шілде.

2. Қазақстан Республикасының «Мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау туралы» заңы 2002 ж. 11 шілде № 343-ІІ.

3. Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» заңы. 2002 жылғы 8 тамыз.

4. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы: 2019 жылғы 28 желтоқсандағы № 988.

5. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы).

6. Орта білім беру ұйымдар (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) қызметінің үлгілік ережелері / ҚР Білім және ғылым Министрінің «2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрығымен бекітілген.

7. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қызметінің үлгілік ережелері ҚР БҒМ 20__ жыл 14 ақпандағы №66 бұйрығы.

8. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы, 2019. - 116с.

9. Мектепке дейінгі және төменгі мектеп жасындағы балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру. /Ерсарина А.К., Сулейменова Р.А., Айтжанова Р.К. ж.б.. – Алматы, 2000.

10. Сулейменова Р.А., Ерсарина А.К., Алпысова А.Б. и др. Диагностика психического развития в раннем детстве. – Алматы, 2000.

11. Основы специальной психологии. учеб. пособие /Л.А.Кузнецова, Л.И.Переслени, Л.И.Солнцева и др.; под ред. Л.В.Кузнецовой. – М., 2002.

12. Выготский Л.С.«Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства». Собрание сочинений в 6 т. Т.5. - М.,1983.

23. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

1.Эльконин Д.Б. Некоторые вопросы диагностики психического развития детей. Избранные психологические труды.- М.,1989.

2. Лисина М.И. Генезис форм общения у детей. - М., 1978.

3. Обухова Л.Ф. Детская (возрастная) психология. – М., 1996.

4. Лебединский В.В. Нарушения психического развития у детей. - М.,1985.

5. Косякова О.О. Психология раннего и дошкольного возраста: учеб.пособие.- Ростов н/Д., 2007.

6. Возрастно-психологический подход в консультировании детей и

подростков/ Г.В.Бурменская, Е.И.Захарова, О.А,Карабанова,
А.Г.Лидерс:учеб.пособие.- М., 2007.

7. Никольская О. С., Баенская Е.Р., Либлинг М. М. Аутичный ребенок. Пути помощи.- М., Теренфив -1997.

8. Детский аутизм. Диагностика и консультирование. Практическое руководство для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций. /авторы- составители Ерсарина А.К. Айтжанова Р.К. / - Алматы - 2011

9. Семенович А.В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. М.2002г.

балаларға ПМПК-нің әлеуметтік-білімдік моделі жағдайында психологиялық тексеру жүргізу және кеңестік көмек көрсету» білім беру бағдарламасына
1- қосымша

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Мастер класс	ЖТС	Дөңгелек үстел	Жобаны қорғау	Тест	Барлығы
1	Нормативтік-құқықтық модуль	6								6
1.1	Инклюзивті білім беру және ҚР әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер қызметі	4								4
1.2	ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-де кешенді тексеру жүргізу мен кеңес берудің жалпы қағидалары мен тәртібі.	2								2
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	19		7						26
2.1	Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамалары	2								2
2.2.	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Бала дамуын психологиялық талдау. Ерте жастағы баланың отбасына психологиялық кеңес беру	9		3						12
2.3.	Аутизмі бар балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру	4		2						6
2.4.	Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балалардың ерекшеліктері. Баланың отбасына психологиялық кеңес беру	4		2						6
3	Мазмұндық модуль	11	3	2					1	17

3.1	Білім алуда ерекше қажеттіліктерінің түрлері. ПМПК жағдайында ерекше білім қажеттіліктерін бағалау критерийлері	4		2						6
3.2.	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны.	3	3						1	7
3.3	Аутизмі бар балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	2								2
3.4	Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	2								2
4	Технологиялық модуль	10	4		4				1	19
4.1	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тексерудің әдістері мен технологиялары	6			4					10
4.2	Аутизмі бар балаларды тексерудің әдістері мен технологиялары	2	2						1	5
4.3	Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балаларды тексерудің әдістері мен технологиялары	2	2							4
5	Вариативтік модуль	4								4
5.1	Мектепте оқыту қиындықтарын диагностикалаудың нейропсихологиялық әдістері	2								
5.2	Мектепте оқыту қиындықтарын түзетудің нейропсихологиялық әдістері школьного обучения	2								
Барлығы:		50	7	9	4				2	72

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

«Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар

балаларға ПМПК-нің әлеуметтік-білімдік моделі жағдайында психологиялық тексеру жүргізу және кеңестік көмек көрсету» білім беру бағдарламасына
2- қосымша

Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Күндізгі оқу 16 ч.				Қашықтықта оқу 8 ч.			Өздігінше оқу 48 ч.	Барлығы
		Дәріс	Практикалық сабақ	Тренинг	Жобаларды қорғау	Вебинар	Онлайн-форум	Онлайн кеңес	Тыңдаушының өздігінше оқуы	
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	2							4	6
1.1	Инклюзивті білім беру және ҚР әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайындағы ПМПК қызметі.	1							1	2
1. 2.	ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-де кешенді тексеру жүргізу мен кеңес берудің жалпы қағидалары мен тәртібі.	1							3	4
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	5				1			20	26
2.1	Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамалары	1							2	2
2.2	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Бала дамуын психологиялық талдау. Ерте жастағы баланың отбасына психологиялық кеңес беру	2							10	12
2. 3.	Аутизмі бар балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Баланың отбасына психологиялық	1				1			4	6

	кеңес беру								
2.4.	Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балалардың ерекшеліктері Баланың отбасына психологиялық кеңес беру	1						4	6
3	Мазмұндық модуль	4			4			9	17
3.1	Білім алуда ерекше қажеттіліктерінің түрлері. ПМПК жағдайында ерекше білім қажеттіліктерін бағалау критерийлері	1			1			2	4
3.2	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны.	1			1			3	5
3.3	Аутизмі бар балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	1			1			2	4
3.4	Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар балаларды психологиялық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	1			1			2	4
4	Технологиялық модуль	3					3	13	19
4.1	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тексерудің әдістері мен технологиялары	1					1	7	9
4.2	Аутизмі бар балаларды тексерудің әдістері мен технологиялары	1					1	2	4
4.3	Эмоционалдық және мінез-құлық проблемалары бар	1					1	4	6

	балаларды тексерудің әдістері мен технологиялары								
5	Вариативтік модуль	2						2	4
5.1	Мектепте оқыту қиындықтарын диагностикалаудың нейропсихологиялық әдістері	1						1	2
5.2.	Мектепте оқыту қиындықтарын тузетудің нейропсихологиялық әдістері школьного обучения	1			1			1	2
Барлығы:		16			6		3	48	72

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.